

## **2018 жылғы «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:**

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ (бұдан әрі – Қоғам).

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негізі:**

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Қоғам Басқарма төрағасының 2019 жылғы 5 маусымдағы № 08 бұйрығы.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі:**

2018 жыл.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Қоғамның қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Қоғамның ұйымдық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2019 жылғы 6-21 маусым аралығында Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі - жұмыс тобы) Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді, оның нәтижелері осы анықтамада көрсетілген.

Ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша Қоғам қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін өкілеттіктер мен ережелер анықталған жоқ, тәуекелдерді басқару жүйесі, оның ішінде тәуекелдерді басқару, алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлық көріністері саласында жұмыс істейді, персонал мен үшінші тұлғалар тарапынан алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлық көріністерінің тәуекелі басқарылады.

Қоғамның қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша Қағидалардың 20-23-тармақтарына сәйкес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

1. Қоғамның Құқықтық және корпоративтік мәселелері жөніндегі қызметіне:

1) 2019 жылғы 5 шілдеге дейінгі мерзімде Қоғамның лауазымды адамдары үшін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына қатысты жадынама жасау және оны мүдделі тұлғалардың танысуына жолдау;

2) «Baiterek Venture Fund» акционерлік қоғамына және «BV Management» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 2019 жылғы 25 шілдеге дейінгі мерзімде (сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс туралы есепті Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органына жіберу үшін мерзім) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу ұсынымымен хат жолдау ұсынылсын.

2. Қоғамның Басқарма төрағасына қарау үшін талдамалық анықтама енгізілсін.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері Қоғамның корпоративтік веб-сайтында орналастырылсын.